

Тасқарасу ауылдық округі Тасқарасу ауылының кейбір атауы жоқ көшелеріне атаулар беру туралы

Алматы облысы Ұйғыр ауданы Тасқарасу ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 23 мамырдағы № 05-07 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2023 жылы 23 мамырда № 6005-05 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Тасқарасу ауылдық округінің Тасқарасу ауылы халқының пікірін ескере отырып және Алматы облысының ономастикалық комиссиясының 2022 жылғы 30 наурыздағы қорытындысының негізінде ШЕШТІМ:

1. Тасқарасу ауылдық округінің Тасқарасу ауылының атауы жоқ көшелеріне келесі атаулар берілсін:

- атауы жоқ көшесіне – "Дінмұхамед Қонаев" көшесі;
- атауы жоқ көшесіне – "Бауыржан Момышұлы" көшесі;
- атауы жоқ көшесіне – "Мәншүк Мәметова" көшесі;
- атауы жоқ көшесіне – "Тоқаш Бокин" көшесі;
- атауы жоқ көшесіне – "Сәкен Сейфуллин" көшесі;
- атауы жоқ көшесіне – "Береке" көшесі;
- атауы жоқ көшесіне – "Отау" көшесі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тасқарасу ауылдық округінің әкімі

Ж. Альмахунов